

## Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйек № 993 Қаулысы.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 79 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің мүлкін жедел басқару құқығында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенсесіне берсін.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы ереже;

**2) алғыншылтады - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1732 Қаулысымен.**

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.**

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, 593 бірлік болып бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2024 № 469 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын ұсташа арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.**

**5. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01 № 314 қаулысымен.**

6. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.09 № 1328 Қаулысымен.**

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

## Қазақстан Республикасы Үкіметтің Аппараты туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметтің 06.01.2023 № 9 қаулысымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметтің Аппараты (бұдан әрі – Үкімет Аппараты) орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді және Қазақстан Республикасы Үкіметтің (бұдан әрі – Үкімет) құзыretіне жатқызылған салааралық мәселелерді шешуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Үкімет Аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті (бұдан әрі – Президент) мен Үкімет актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Үкімет Аппараты мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және мемлекеттік тілдегі өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Үкімет Аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, Үкімет Аппаратының мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Үкімет Аппараты өз құзыretінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Үкімет Аппараты Басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Үкімет Аппаратының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Үкімет Аппаратының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 6, "Үкімет үйі".

9. Осы Ереже Үкімет Аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

10. Үкімет Аппаратының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

### 2-тарау. Үкімет Аппаратының міндеттері

## 11. Үкімет Аппаратының міндеттері:

- 1) Үкіметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламентінің (бұдан әрі – Парламент) палаталарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі), орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 3) Үкіметтің құзыретіне кіретін салааралық мәселелерді шешу;
- 4) Президент пен оның Әкімшілігінің актілері мен Үкіметке берген тапсырмаларының, Үкімет пен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі – Премьер-Министр) шешімдерінің, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының тапсырмаларының орындалу сапасы мен мерзімдерін бақылау;
- 5) Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін құқықтық, сараптамалық-талдамалық, кадрлық, ұйымдық-ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндеттер болып табылады.

## 3-тaraу. Үкімет Аппаратының функциялары

12. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Үкімет Аппараты мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Президенттің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің, Президент Әкімшілігі басшылығының, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі хатшысының актілері мен тапсырмаларының, Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің, Үкімет отырыстары шешімдерінің, Премьер-Министр мен оның орынбасарларының тапсырмаларының орындалуын проактивті бақылау, Премьер-Министрді осы мәселелер бойынша, оның ішінде жобалық басқару және "Smart Data Ukimet" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы хабардар ету;
- 2) Президенттің сайлауалды тұғырнамада көзделген тапсырмаларының орындалуын бақылау, мониторингтеу және жобалық сүйемелдеу;
- 3) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және Үкіметтің тиісті жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары бойынша іс-шаралардың орындалуы туралы, сондай-ақ орын алып отырған проблемалар мен тәуекелдер бойынша мониторингті жүзеге асыру және Премьер-Министр мен оның орынбасарларын хабардар ету;
- 4) заңдардың және Президент актілерінің жобаларындағы қаржы-экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және өзге де мәселелерді, сондай-ақ Үкімет, Премьер-Министр қабылдайтын шешімдер жобаларын сараптау, сараптама нәтижелері бойынша қорытындылар дайындау;

5) Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы туралы Президентке Үкіметтің тоқсан сайынғы баяндамаларын дайындауға қатысу;

6) Премьер-Министр мен оның орынбасарлары үшін жалпы Қазақстан Республикасы және өнірлер бойынша әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен дамуы мәселелері жөніндегі материалдарды және Премьер-Министрдің тапсырмалары бойынша өзге де материалдарды дайындау;

7) азаматтардың өзекті мәселелері мен жолданымдары бойынша, оның ішінде көшпелі инспекторлық тексерулердің нәтижелері бойынша талдамалық жазбалар дайындау;

8) жергілікті атқарушы органдардың қызметі мен өнірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның ішінде өнірлердің даму жоспарларының елдің аумақтық даму жоспарына, ұлттық жобаларға, әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарларына және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа да құжаттарына сәйкестігін талдау және мониторингтеу;

9) талдамалық материалдар дайындау үшін "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, қоғамдық бірлестіктермен, өзін-өзі реттейтін, ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, сараптамалық және бизнес-қоғамдастықпен, азаматтық сектормен өзара іс-қимыл жасау;

10) әлеуметтік тәуекелдерді анықтай отырып, азаматтар көтеретін мәселелер бойынша өнірлерге барып, фокус-топтарды, экспресс-зерттеулерді ұйымдастыру;

11) әлеуметтік тәуекелдер картасын қалыптастыру;

12) зандардың, Президент, Үкімет және Премьер-Министр актілерінің жобалары бойынша мемлекеттік органдардың келіспеушіліктерін қарау жөнінде кеңестер өткізуі ұйымдастыру;

13) орталық, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мемлекеттік органдар арасындағы келіспеушіліктерді жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

14) Президент пен Үкімет жанындағы Премьер-Министр мен оның орынбасарлары басқаратын консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

15) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және оларды Премьер-Министр мен оның орынбасарларының қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

16) орталық атқарушы органдар үшін ақпараттық жұмыстың басымдықтарын тұжырымдау;

17) Премьер-Министрге дипломатиялық қатынастар жасалатын шет елдердегі саяси және экономикалық жағдай, халықаралық шарттар мен келісімдердің орындалу барысы, шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың жұмысы туралы ақпаратты, сондай-ақ мемлекетаралық қатынастар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өзге де ақпаратты дайындау;

18) Үкімет пен Премьер-Министрдің халықаралық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен өзара байланысын қамтамасыз ету;

19) Үкіметтің, Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының мемлекетаралық қатынастары мен халықаралық ынтымақтастығын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қатысу, сондай-ақ Премьер-Министр мен оның орынбасарларының халықаралық кездесулерін, келіссөздерін, олардың халықаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;

20) шет мемлекеттермен ынтымақтастық, халықаралық шарттарды, келісімдер мен уағдаластықтарды дайындау және іске асыру жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және бақылау;

21) мемлекеттік органдардың халықаралық шарттар мен келісімдердің күшіне енуі жөніндегі мемлекетішілік рәсімдерді уақтылы орындаудың үйлестіріп, Премьер-Министрді, оның орынбасарларын және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар ету;

22) жолданымдарды қарау шеңберінде Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы берген тапсырмаларды мемлекеттік органдардың уақтылы және сапалы орындаудың бақылау;

23) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау, мемлекеттік органдарда жүйелі проблемаларды анықтау тұрғысынан жолданымдармен жұмысты үйлестіру, Премьер-Министрді, оның орынбасарларын хабардар ете отырып, оларды шешу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау, сондай-ақ Үкімет Аппаратының лауазымды тұлғаларының азаматтарды қабылдаудың ұйымдастыру;

24) Үкіметтің заң шығару бастамасын іске асыру және Парламент палаталарының Үкімет енгізген заң жобаларын уақтылы қарауын және қабылдаудың қамтамасыз ету, сондай-ақ заң жобаларын Парламентте заңдық сүйемелдеу;

25) Премьер-Министрдің, оның орынбасарлары мен Үкімет Аппараты Басшысының және өзге де лауазымды тұлғалардың Парламент палаталарының жалпы отырыстарына, үкіметтік сағаттар мен парламенттік тыңдауларға қатысуын ұйымдастыру;

26) заңның немесе Үкімет актісінің не олардың жекелеген ережелерінің конституциялылығын тексеру жөніндегі конституциялық іс жүргізуге қатысу;

27) мемлекеттік органдардың норма шығару саласындағы заңнама талаптарын сақтауы тұрғысынан оларды көшпелі бақылауды жүзеге асыру;

28) прокурорлық ден қою актілерін және оларға жауаптарды қарау, сондай-ақ Үкіметке қойылатын талап арыздар мен наразылықтарға пікірлердің жобаларына сараптама жүргізу;

29) халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылышқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға

жедел ден қою мақсатында зандардың жобаларын, сондай-ақ Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларының жобаларын өзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

30) Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмалары бойынша Үкімет қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын өзірлеу, сондай-ақ Үкімет пен Премьер-Министрдің актілерін шығару және сақтау;

31) нормалардың артық (шамадан тыс) регламенттелуі және Үкіметтің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерін орталықсыздандыру тұрғысынан заңнамалық актілерді ревизиялау бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

32) Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша соттарда Үкімет пен Премьер-Министрдің мұдделерін білдіру және қорғау, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен сот практикасы туралы хабардар ету;

33) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қатысуымен шетелде өткізілетін халықаралық төреліктердегі және шетелдік соттардағы талқылаулар бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

34) Үкімет Аппаратында адами ресурстарды басқару процесінде меритократия қағидатының сақталуын қамтамасыз ету;

35) Үкімет Аппаратының кадрларға қажеттілігін талдау және жоспарлау негізінде мемлекеттік қызметшілерді стратегиялық кадрлық жоспарлауды енгізу;

36) Үкімет Аппараты кадрларының кәсіптік дамуын қамтамасыз ету;

37) Үкімет, Премьер-Министр тағайындастырын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуы бойынша тағайындалатын саяси мемлекеттік қызметшілер мен өзге де лауазымды тұлғалар лауазымдарының тізбесіне кіретін кадрлар бойынша ұсыныстарды зерделеу және енгізу;

38) Үкімет отырыстарын, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Үкімет Аппараты Басшысының кенестерін өткізуді ұйымдастыру, отырыстар мен кенестердің материалдарын, хаттамаларын ресімдеу және тарату;

39) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың Үкімет регламентін және Үкімет Аппаратының нұсқаулықтарын сақтауын қамтамасыз ету;

40) Премьер-Министр мен оның орынбасарларының ел өнірлеріне, одан тыс жерлерге жұмыс сапарларын дайындау және оларға қатысу;

41) Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Үкімет Аппараты Басшысының қорғалған іркіліссіз байланысының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

42) мемлекеттік органдар мен республикалық архив мекемелерінде Үкіметтің өкімдік құжаттарының (оның ішінде құпия) сақталуын қамтамасыз етуді, сақтау мен пайдалануды бақылау;

43) қорғалған байланыс арналары (үкіметтік, шифрланған) арқылы берілетін, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

44) бизнес-процестерді бюрократиядан арылту және мемлекеттік органдарда құжат айналымын төмендету мәселелері бойынша жұмыстарды үйлестіру;

45) елдің орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған экономикалық саясатын қалыптастыру;

46) экономикалық реформаларды іске асырудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау және жұмыстарды үйлестіру;

47) салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жетілдіру, кәсіпкерлікті, бәсекелестікті дамыту, монополиясыздандыру және тариф белгілеу мәселелері жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

48) Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруын, әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау және тиімді мемлекеттік аппарат құру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

49) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жобалау оғистерін салааралық үйлестіру, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруда жобалық басқаруды енгізу;

50) Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Үкімет Аппараты Басшысының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

51) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

#### **4-тaraу. Үкімет Аппаратының қызметін ұйымдастыру**

13. Үкімет Аппаратын Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Президент Жарлығымен тағайындалатын және қызметтен босатылатын, Үкімет мүшесі болып табылатын Үкімет Аппаратының Басшысы басқарады.

14. Үкімет Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, орынбасарлары және Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Үкімет Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша Үкімет қаулысымен тағайындалады және босатылады.

15. Үкімет Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша Премьер-Министрдің өкімімен Үкімет Аппаратының мынадай қызметкерлері қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады:

- 1) Премьер-Министрдің көмекшілері мен кеңесшілері;
- 2) Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары;
- 3) өнірлік инспекторлар.

Үкімет Аппаратының өзге қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет Аппаратының Басшысы қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

16. Үкімет Аппаратының құрылымын, штат кестесін және лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын Үкімет Аппаратының Басшысы штат санының белгіленген лимиті шегінде бекітеді.

17. Үкімет Аппаратының Басшысы Үкімет Аппаратының жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды әрі өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен Үкімет Аппаратының өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Үкімет Аппаратының Басшысы:

1) Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді, олардың өзара іс-қимылын үйлестіреді;

2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін бөледі және Үкімет Аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Премьер-Министр тағайындастырын тұлғалардан басқа Үкімет Аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) Үкімет Аппаратының Президент Әкімшілігімен, Парламент палаталарымен, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен тұрақты негізде өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

5) Үкіметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

6) Үкімет пен Премьер-Министр тағайындастырын лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы Премьер-Министрге ұсыныс енгізеді;

7) орталық және жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде Үкімет пен Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Үкіметтің қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеу және келісу жөнінде нұсқаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда материалдарды, сондай-ақ құқықтық актілердің жобаларын қайтарады;

9) орталық және жергілікті атқарушы органдардың аппарат басшыларының жұмысын үйлестіреді, оның ішінде олардың орындаушылық тәртіп және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуы жөніндегі есептерін тыңдайды;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде Үкімет Аппаратының қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

11) Үкімет Аппараты қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар мен қосымша ақылар белгілейді;

12) Үкімет Аппаратының құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады;

13) мемлекеттік органдар мен үйымдарда Үкімет Аппаратының атынан әрекет етеді;

14) Үкімет Аппаратында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануы үшін дербес жауапты болады;

15) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Үкімет Аппараты Басшысының орынбасарлары:

1) Президент пен оның Әкімшілігінің, Премьер-Министр мен оның орынбасарларының, Үкімет Аппараты Басшысының актілері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастырады;

2) міндеттерді бөлуге сәйкес өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

3) міндеттерді бөлуге сәйкес өз құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

4) Премьер-Министрге және оның орынбасарларына Үкімет пен Премьер-Министр тағайындастырылған лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауаптылықта тарту туралы ұсыныс енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1) Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, сондай-ақ Үкімет Аппараты Басшысының және оның орынбасарларының тапсырмаларын орындауды;

2) құрылымдық бөлімшелерге жүктелген міндеттердің орындалуын ұйымдастырады және дербес жауапты болады;

3) өз орынбасарлары арасында міндеттерді бөледі;

4) еңбекті ұйымдастыруды және тиісті еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;

5) өзі басқаратын құрылымдық бөлімшениң қызметкерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату, көтермелейу және тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

6) құрылымдық бөлімшениң құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сараптамалық-талдамалық жұмыстарды ұйымдастырады;

7) Үкімет құрамына кіретін мемлекеттік органдар басшыларының тиімділігін бағалауға қатысады;

8) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау шенберінде мемлекеттік органдарға тапсырмалар береді, сондай-ақ Премьер-Министрді, оның орынбасарларын және Үкімет Аппаратының Басшысын жолданымдардың қаралу жай-күйі туралы хабардар етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Өнірлік инспекторлар:

1) бағдарламалық құжаттарды, өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Президент пен оның Әкімшілігінің, Үкіметтің, Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша инспекция жүргізу үшін уәкілдегі орталық мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, өнірлерге тоқсан сайынғы жоспарлы / жоспардан тыс сапарларды жүзеге асырады;

2) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне және өнірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау мен мониторинг жүргізеді;

3) көшпелі инспекторлық тексерулердің нәтижелері бойынша өзекті мәселелерді шешу ұсынылған талдамалық жазбалар дайындайды;

4) анықталған бұзушылықтарды, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамау және Президент, Үкімет пен Премьер-Министр тапсырмаларының орындалмау фактілерін жою жөнінде орындалуы міндетті актілер енгізеді;

5) Үкімет мүшелерінің және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің халықпен есеп беру кездесулеріне және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының сессияларына қатысады;

6) өнірлерге шығу шеңберінде азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

7) өнірлер бюджеттерінің жобаларын мәслихаттарда бекіту алдында оларды қарауға қатысады;

8) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар басшыларының атына лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс енгізеді.

22. Үкімет Аппаратының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде осы Ережеде белгіленген Үкімет Аппаратының өкілеттіктеріне сәйкес:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар аппараттарының қызметкерлерін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және өзге де ұйымдардың өкілдерін Үкімет қызметі шеңберінде туындастын мәселелерді қарауға қатысу үшін тартуға және олардан қажетті ақпараттық-талдамалық материалдарды, ұсыныстар мен қорытындыларды сұратуға;

3) Үкімет Аппараты Басшысының және оның орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының тапсырмасы бойынша Үкімет Аппаратының құзыреті шегінде өзге де қажетті өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

23. Үкімет Аппаратының бас инспекторлары, бас консультанттары, бас сарапшылары және сарапшылары Үкімет Аппаратының сектор менгерушілеріне бағынады.

24. Міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Үкімет Аппараты өз құзыреті шегінде:

- 1) Парламентте және оның палаталарында Үкіметтің мүдделерін білдіруге, сottарда Үкімет пен Премьер-Министрдің мүдделерін қорғауға;
- 2) Президент пен оның Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларының, Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің, Үкімет отырыстары шешімдерінің, Премьер-Министр мен оның орынбасарлары тапсырмаларының орындалуына тексеру жүргізуге, оның ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдарға барып жүргізуге, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауға;
- 3) Премьер-Министрге Үкімет құрамына кіретін мемлекеттік органдардың басшы кадр құрамын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың иелігіндегі кез келген, оның ішінде құпия, ақпараттық дерекқорларды пайдалануға;
- 5) Үкімет Аппаратының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қызметтік хат алмасуды, оның ішінде арнайы байланысты және деректерді беру жүйесін пайдалана отырып, құпия хат алмасуды жүргізуге;
- 6) Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының, Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмалары бойынша Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын әзірлеуге;
- 7) мемлекеттік органдар дайындаған зандардың, Президент актілерінің, Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобалары бойынша қаржылық-экономикалық, құқықтық сараптаманы және қорытындылар дайындауды жүзеге асыруға;
- 8) Президенттің, Президент Әкімшілігі басшылығының, Үкіметтің, Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының тапсырмаларын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін министрліктер, ведомстволар және өзге де мемлекеттік органдар басшылығының жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге;
- 9) орталық және жергілікті атқарушы органдардың аппарат басшыларының қызметіне мониторингті жүзеге асыруға және анықталған мәселелер мен тәуекелдердің қорытындысы бойынша оларға тағылымдама не оқытуды ұйымдастыруға;
- 10) Президент пен Үкімет жанындағы Премьер-Министр мен оның орынбасарлары басқаратын консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына, сондай-ақ мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қатысуға;
- 11) орталық және жергілікті атқарушы органдарды тексеру қорытындылары бойынша Үкімет Аппараты құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілер енгізуге;
- 12) өндірістік қажеттілік болған жағдайда мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын және өзге ұйымдардың өкілдерін шақыруға немесе іссапарға қабылдауға, оның ішінде Үкімет Аппаратында ғылыми жұмыскерлер, докторанттар, магистранттар мен өзге тұлғалардың тағылымдамасын ұйымдастыруға;

13) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтардың әл-ауқатының өсуі және ел қауіпсіздігін нығайту мәселелері бойынша ғылыми ұйымдар үшін тақырыптық зерттеулер жоспарына ұсыныстар қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерден, ғылыми ұйымдардан, ғалымдар мен сарапшылардан ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдар алуға;

14) Үкімет қызметінің мәселелері бойынша отандық және шетелдік сарапшылар мен консультанттар көрсететін қызметтерді пайдалануға;

15) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және өзге де тексеруші мемлекеттік органдардың бірлескен кешенді тексерулеріне қатысуға;

16) Үкімет Аппаратының құзыretіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде тәжірибе алмасу үшін халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

17) орталық және жергілікті атқаруши органдардан, басқа да ұйымдардан Үкімет Аппаратының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін ақпарат пен материалдар сұратуға;

18) Президенттің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі хатшысының, Үкіметтің, Премьер-Министрдің, оның орынбасарлары мен Үкімет Аппараты Басшысының актілері мен тапсырмаларын, бағдарламалық құжаттарды мемлекеттік органдардың іске асыруын бақылауды, оның ішінде инспекциялау шеңберінде жүзеге асыруға;

19) әкімдер мен Үкімет мүшелерінің өнірлердің тұрғындарымен есеп беру кездесулеріне, жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде мәслихаттар сессияларына қатысуға;

20) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылды.

25. Мемлекеттік органдардың қажетті материалдарды, мәліметтерді ұсынуы, сондай-ақ Үкімет пен Премьер-Министр шешімдерінің жобаларын пысықтау жөніндегі Үкімет Аппаратының талаптары Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмаларында белгіленген мерзімдерде міндетті түрде орындалуға тиіс.

26. Премьер-Министр, Үкімет Аппаратының Басшысы қол қойған қызметтік қуәліктер олардың иелеріне "Үкімет үйі", "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараттарына, орталық және жергілікті атқаруши органдардың ғимараттарына, сондай-ақ Президентке есеп беретін мемлекеттік органдар мен мекемелерді, режимдік обьектілерді, сондай-ақ құзетуді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімшелері немесе арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асыратын обьектілерді қоспағанда, өзге де мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарға кіруге құқық береді.

## **5-тaraу. Үкімет Аппаратының мүлкі**

27. Үкімет Аппаратының жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Үкімет Аппаратының мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құралады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Үкімет Аппаратының балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

28. Үкімет Аппаратына бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Үкімет Аппаратының өзіне бекітіп берілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **6-тaraу. Үкімет Аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату**

30. Үкімет Аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Үкімет Аппаратының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 993 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Кеңесінің қарауындағы ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ**

**Ескерту. Тізбе алғыншылдауды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1732 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 993 қаулысына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.09 № 1328  
Қаулысымен.**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шептімдерінің  
ТІЗБЕСІ**

1. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы № 892 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі № 1301 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 18-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі № 1353 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 қарашадағы № 1667 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдары штат санының лимиттерін өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қарашадағы № 1815 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 және 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 желтоқсандағы № 1878 қаулысы.

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурыздағы № 345 қаулысы.

10. "Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы № 683 қаулысы 7-тармағының 2) тармақшасы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы № 708а қаулысы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 маусымдағы № 971 қаулысы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 және 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 қантардағы № 58 қаулысы.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қантардағы № 145 қаулысы.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 993 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеменің адам санын ескере отырып, штат санының лимиті**

**Ескерту. Лимит жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2024 № 469 қаулысымен.**

Атауы	Штат санының лимиті
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, оның ішінде:	593
Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі	336

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК